

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Африка бейнесі: Конрадтың
«Түнектің жүрегі» повесіндегі
нәсілшілдік тақырыбы



Мақсаты: Джозеф Конрадтың «Түнектің жүрегі» повесін нәсілшілдік тақырыбы тұрғысынан талдаған Чинуа Ачебе зерттеуімен танысу.

Тірек сөздер: нәсілшілдік, повесть, Джозеф Конрад, Африка, Конго, африкалық өнер т.б.

Сіздермен бірге Джулия Ривкин мен Майкл Райанның антологиясымен танысуымызды ары қарай жалғастырамыз. Бұл дәрісте әңгіме өзегі Джозеф Конрадтың «Түнектің жарығы» атты повесіндегі нәсілшілдік тақырыбын талдауға арналған нигериялық жазушы Чинуа Ачебенің зерттеу жұмысы туралы болмақ.

XX ғасырдың орта шенінде Африка, Азия және Еуропадағы бірқатар отарланған елдер отаршыл басқыншыларға қарсы көтеріліп, аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Бұл тарихи жағдай отаршылдықтың сұрқия сауытына айналып келген жасанды мәдениетті және сол идеяны астарлы, кейде ашық қолдайтын тұжырымдарды түгелдей қайта қарауға түрткі болды.

Чинуа Ачебе тамаша күзгі таңдағы бір кездесуін еске алады. Үйіне қарай келе жатып, ол қариямен жолығып қалыпты. Ачебенің африка әдебиетінен дәріс беретінін білген қария біршама таңданысын жасырмапты. Себебі Африкада мұндай құндылықтар бар деп мүлдем ойламаса керек. «Жақсы, – депті қария Ачебеге, – ендеше, сізді түсіну үшін курсыңызға қатысуым керек секілді».

Бірнеше апта өткен соң Ачебе Нью-Йорктің Йонкерс штатының оқушыларынан хат алыпты. Оқушылар мұғалімінің ұсынысымен «Ыдырау» атты кітабын оқығанын, африкандық тайпалардың салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері туралы тың мәліметтер білгенін жазыпты.

Ачебе алғашында бұл екі оқиға бір-бірінен өзгеше, арасында байланыс жоқ болып көрінуі мүмкін дейді. Десек те, бұл – тек алғашқы көзқарас.

Йонкерстік жас жігіт уылжыған жасына немесе басқа да себептерге байланысты Йонкерстегі жерлестерінің өмірі африкандықтардікі секілді қызықты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерге толы болғанын түсінбеген шығар?! Сол себепті де ол Африкаға барып, беймәлім салт-дәстүрлер, наным-сенімдермен танысып көру керек деп ойлайды.

Ачебенің замандасы немесе құрдасы болған кез келген адам үшін жас сылтау болмасы анық. Білімсіздіктің себебі – надандық болмақ. Бірақ Ачебе білімсіздікке себеп – жай ғана ақпараттың жоқтығы емес, алдын ала ойластырылған, жоспарланған жайт болуы мүмкін деп есептейді. Сондықтан шығар, Оксфордтағы британ тарихшысы және профессор Хью Тревор-Ропер бірнеше жылдар бұрын «Африкада тарих жоқ» деп таудан түскендей қойып қалғаны?!

Жоғарыда айтылғандардан жасөспірімдік тәжірибеден жоғары құнды тұжырым шыға ма, жоқ па, білмеймін! Бұл тілек, тіпті қажеттілік деуге болады, яғни батыстық психология үшін Африканы киізге орағандай етіп ұстау әлдеқайда тиімді. Себебі Африканы жоққа шығару, өзгелерге бейтаныс бір мекен етіп көрсету – Еуропа елдерінің рухани сұлулығын салыстырмалы түрде көпшілікке паш етудің бір жолы.

Конгоның зары

«Түнектің жүрегінде», – деп жалғайды сөзін Ачебе, – Африканың, былайша айтқанда, Еуропаға, демек өркениетке мүлдем қайшы «басқа әлемнің» бейнесін сипаттайды. Африка тұрғындарының бойындағы интеллект пен ерекше қасиеттері күлкіге айналдырылып, келемежделеді. Конрад кітабы: «Қартаң тартса да, кеңдігінен айрылмаған Темза өзені адам баласына қалтқысыз ғасырлар бойы қызмет етіп, бір сәт демалысқа шыққандай: жағалауы жер бетінің қиыр шығыстарына қарай су-жолы секілді сол баяғыша ұлы әрі қайталанбас» деп, Темзаны сипаттаудан басталады. Шынтуайтында, повестегі оқиға Конго өзені бойында өтуде. Ал автор Конгоны ағылшынның танымал Темзасына мүлдем қарама-қайшы сипаттап көрсетеді. Конго – адам қызығарлықтай керемет өзен емес, ол адам баласына қызмет етуге жаралмаған және қарттығына құрметпен қарауға тұрмайды екен. Ал Темза жайында Конрад «Бұл өзеннің жағалауына келу – әлемнің бастамасына қайта оралғанға ұқсайды», – деп тамсана жазады.

Конрад екі өзеннің бір-бірінен айырмасы үлкен, бірі – жақсы, екіншісі – жаман дегісі келіп тұр ма? Сөзсіз, солай. Алайда мәселе – басқада. Авторды алаңдататыны – туыстық, жалпы шыққан тегі. Темза да кезінде «жер бетіндегі түнек басқан орындардың бірі» болатын-ды. Ол,



әрине, түнекті жеңіп шықты. Енді жарық әлемде абыройлы орын тепті. Темза шыққан тегіне – жақын туысы Конгоға барып қайтса, не болар еді?! Баяғыда есінен шығып кеткен буырқанған сүйкімсіз ескі дауысты қайта естіп, жаны түршігіп кетер ме еді?!

Ачебе африкандық атмосфераны сипаттау – бар-жоғы екі сөйлемді жалған-ғұрыптық қайталау екенін айтады. Бір сөйлем – Африканың тыныштығын, екіншісі – ақымақтығын сипаттайды. Әрине, сын есімдерді алмастыруға болады. Сонда «мүмкін емес» тіркесінің орнына «түсініксіз» тіркесін ауыстырса жеткілікті.

Көреген ағылшын сыншысы Ф.Р. Ливис осыдан отыз жылдай бұрын «мүмкін емес және түсініксіз құпияны білдіретін сын есімдерге» ерекше назар аударған. Мұндай табандылықты жай ғана стилистикалық кемшілік секілді жоққа шығармаған дұрыс (Конрадтың сыншыларының көпшілігі солай жасаған-ды). Себебі бұл суреткердің адалдығы туралы мәселені көтереді. Жазушы белгілі бір оқиғаны сипаттағандай сыңай танытып, шынтуайтында, оқырманды эмоционалды бейнелі сөздермен және басқа да тәсілдермен гипноздайды. Бұл жағдайда оның басты қаруы – стилистикалық өткірлігі болмақ. Көбінесе байқампаз оқырмандар бұндайды оңай байқап қойып, жасырын ықпалға түсе қоймайды. Алайда Конрад өзінің материалды жеткізу тәсілі оқырмандарының психологиялық бейімділігіне қайшы келмейтінін жақсы түсінді. Сондықтан автор өзіне «тыныштандырушы мифтерді жеткізуші» қызметін таңдады.

Десек те, «Түнектің жүрегі» кітабындағы үзінділердің басты тақырыбы – адамдар. Ачебе кітаптағы Конго өзеніне қарай кемемен сапар шеккен Еуропа халықтарының өкілдерінің Африка тұрғындарымен алғашқы кездесуі туралы үзіндіні келтіреді: «Африканың жері күнделікті көріп жүретін жерге мүлдем ұқсамайды. Біз шынжырланып, әбден қалжыраған құбыжықтарды көріп үйрендік. Ал мұнда... мұндағы құбыжықтар – одан да қорқынышты, бірақ ерікті. Олар жерге ұқсамайды, ал адамдары... адамдары адам болып қалыпты. Білесіз бе, адамдар адам болып қалғанына күмәнданудан асқан қорқыныш жоқ. Бұндай күмән ақырындап, біртіндеп дамыған. Олар секіріп, ұлып, қорқынышты түрлер жасайды. Алайда олар да біз секілді тән мен жаннан жаралған адамдар ғой, мынадай жабайы әрі беймәлім жаратылыстармен туыспыз ба деген ой жаныңды түршіктіріп жібереді. Не деген қорқынышты! Иә, шынымен де, қорқынышты дүние!».

Африканы осылайша жан-жақты суреттей отырып, Конрад «қолы мен аяғы ғана емес, тіпті, көзі де бар» бір африкалықты бейнелейді: «Арасында от жағып отыратын бір жабайы африкандықты бақылап жүрдім. Ол – қайталанбас экземпляр болатын: от жаға білетін... Оған бақылау жасау – құдды бір артқы аяқтарына – шалбар, басына – қауырсыны бар телпек киіп алған итті бақылағандай қызықты болды. Бұл жабайы африкандықты үйретуге бар-жоғы бірнеше ай жетіп-артылды. Алғаш көргенде манометр мен су өлшеуіш құралдарға үрке қарады. Байғұс африкандық мойнына тістерден тізілген моншақ тағып, тап-тақыр басына әртүрлі оюлар салынып, бетінің екі жағында да үш-үш тыртық түскен еді. Ол бейшара басқа жабайылар секілді жағалауда тұрып, жүзіп өткен кемелерге таңғалып, шапалақ ұрып, билеу керек еді. Оның орнына өркениетті елден әкелінген таңғажайып дүниеге «табынып», құтқаратын білім жинап, қалтқысыз қызмет етіп жүр, байғұс құл».

Әрине, «Түнектің жүрегі» повесіндегі африкалық туралы сипаттама Конрадтікі емес, оның қиялдан туған әңгімешісі Марлоудікі секілді көрінеді. Тіпті, Конрадтың өзі африкалықтарға берілген мұндай сипаттамамен келіспейді де.

Сөзсіз, Марлоу – алғашқы әңгімеші, алайда оның әңгімесі бізге екінші бір адам, Марлоудың тыңдарманы арқылы жетеді. Конрад өзінің әңгімешісінің рухани және психологиялық әлсіздігін межелеп бөліп көрсетуге тырысты десек, оның бұл талпынысы сенімсіз болып шығады. Себебі ол оқырман туындыда сипатталып отырған кейіпкерлердің іс-әрекеттері туралы қорытынды шығара алатындай альтернативті баға мен көзқарастарды әдейі немесе байқатпай айтуды ұмытып кеткендей. Әрине, мұндай сипаттамалар Конрадтың қолынан келеді, тек ол мұны шынымен қажет деп тапса. Дәл осы жағдай автор мен оның кейіпкері Марлоудың көзқарастарында ұқсастық бар екені туралы қорытынды жасауға негіз болады.

Әрине, Марлоу ағылшын либералды дәстүріне сай келетін озық және адамгершілік көзқараспен етене таныс. Кез келген ағылшын адамы әдеп үшін болса да, бельгиялық король Леопольдтің Болгариядағы немесе Конгодағы айуандық әрекеттеріне таңғалған сыңай танытады. Ачебе сол жерлердегі адамдардың бейшара күйіне мынадай суреттеме береді: «Олар ақырындап өлім құша берді. Олар ешқандай да қылмыскер не жау емес еді. Бірақ ендігі оларда



жерге тән ешбір қасиет қалмады. Денелерінде ауру мен аштықтың қара дақтары бақырайып, өзеннің жағалауында тырбиып жатты. Оларды жағалаудың кез келген бұрышынан айдап әкеліп жатты. Өздеріне бейтаныс жерде байғұстар бұрын-соңды көрмеген, білмеген азықты жеп, ауруға шалдығып, жұмысқа қабілеттілігінен айрылып жатты. Сол кезде ғана оларға еңбектей қашуға рұқсат берілетін».

Марлоу/Конрад насихаттап отырған либерализм түрі Ұлыбритания, Еуропа мен Американың зиялы қауымдарын айтарлықтай толғандырды. Бұл адамдар санасында әртүрлі формаға ие болғанмен, дүйім зиялыларды тек бір ғана сұрақ толғандырды – ақ және қара нәсілділер арасындағы теңдік мәселесі.

Африкалық бейшара құл жүрегіндегі қанжарымен ақ нәсілді Марлоудың алдына кеп құлағанда, көздерінен мазасыз ой оқисың: «Оған найза соғылғандағы ең соңғы аянышты көзқарасы әлі күнге есімде... оны ескіліктен бері келе жатқан туыстықтың дәлелі деп білдім». Айта кететін жайт, – деп жазады Ачебе, – Конрад әдеттегі мұқияттылығынан танбастан, ескіліктен бергі туыстық туралы сөз етіп қоймай, оған өзінің жеке көзқарасын білдіріп, сын айтады.

Менің байқауымның қорытынды мәні мынада: Конрад – нәсілшіл жазушы болған. Конрад туындыларын сынаған зерттеушілер бұл жайтты байқамағанын, қалт жіберген. Оны сол кездегі Африкаға қатысты нәсілшілдік – қалыпты құбылыс болғанымен, сондықтан да ерекше назар аударып, сөз етудің маңызы болмағанымен түсіндіруге болады. «Түнектің жүрегі» повесін оқыған студенттер, Ачебенің айтуынша, Конрадтың тек Африкаға ғана қызықпағанын тілге тиек етіп қоймай, Африка тудырған жалғыздық пен аурудың Еуропаның ең ақылды зиялыларына тигізген әсері туралы да әңгімелей бастайды. Олар Конрадты еуропалықтарда қарағанда, жабайыларға мейірімін көбірек төккен деп пайымдайды. Өткен жылы Шотландияда конродтанушы-студент Ачебеге келіп, «Африка – Курца мырзаның ақыл-ойының құлдырауына арналған орын» екен ғой деген пікір айтыпты. Ачебе студенттің бұл ойы – жартылай ғана шындыққа жанасады деп есептейді: Африка – африкалық адамдарды адами фактор ретінде қабылдамайтын сырттай фон секілді. Африка – қорқыныш пен тәуекелге қарамастан бөгде елде адасып кеткен еуропалықтың метафизикалық күрес алаңы іспеттес.

Ачебе Африканы реквизит рөліне дейін жеткізген өркөкіректікке зығырданы қайнайды. Бірақ бұл да маңызды емес. Маңыздысы – дейді ғалым, – Африка мен африкандықтарды дегуманизациялау проблемасы. Мінеки, дәл осы ұстаным әлі күнге дейін, қазіргі заманда ғасырлық тәсіл болғанына қарамастан, белсенді қолданылып келеді.

Тағы бір маңызды мәселе – дегуманизацияны насихаттаған, адамзат ұрпағын иесіздендіруге бағытталған мұндай повесті – өнердің ірі туындысы деп тануға бола ма? Ачебенің жауабы айқын: Жоқ, болмайды. Ол мұндай сипаттағы туындының авторын (Конрадты) суреткер деп тануға болмайды деп есептейді, яғни бір халықты екінші халықты жек көруге, тіпті жоюға итермелейтін шығарма – әдеби туынды деп танылмауы тиіс. Тіпті автор қаншалықты деңгейде қайталанбас кейіпкерлер мен көркем сөзді мәтіндер жазғанына қарамастан, мұндай адам ұлы суреткер бола алмайды. Оның «Тәңірдің кештері» қасиетті кітабын соңынан басына қарай оқыған шіркеубасы немесе науқастарын өз қолымен улап өлтірген дәрігер секілді, құны жоқ.

Ачебе Конрадтың 1857 жылдары, яғни ағылшын миссионерлері Нигерия жеріне алғаш аяқ басқаны кезінде туылғанын айтады. Ол қара нәсілді адамның мәртебесі өте төмен деңгейде болған дәуірде туылғанына кінәлі емес. Алайда бұл Конрадтың қара нәсілді адамдарға деген антипатиясын қорғап қала алмайды. Кейде Конрад «қара түске» қадалып қалады. Мысалы, оның мына сипаттамасын оқыңыз: «Қара фигура орнынан тұрып, өзінің ұзын сирақ қара аяқтарын қалай болса, солай басып, жерге дейін жететіндей ұзын қолдарын жан-жағына сермей бастады». «Осы жерде автор құдды бір, қара фигура қара түсті аяқтарымен қадам басып, ақ түсті қолдарын сермейтіндей айтады ғой», – деп келемеждейді Ачебе Конрадты.

«Ақылсыз махаббат пен ақымақ жеккөрушілік сезімдері, – дейді Ачебе, – осы бір әбден азапталған адамның (Конрадтың) жүрегіне сыймай тұр». Ақылсыз махаббат немқұрайлықты тудырса, ақымақ жеккөрушілік бүкіл адамзат баласының өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

«Неге, – деп таңданады Ачебе, – осы бір қорлаушы әрі мұңлы туынды әлі күнге зерттеушілердің назарын аударып, «ағылшын тілінде жазылған ең қысқа романдардың қатарына енген?» және неге бүгінде ол XX ғасыр әдебиетінде ең көп оқылатын роман деп танылуда?



Ачебе бұл кітаптың ең ұятсыз әрі қорлау стилінде жазылғанын, оның кесірінен адамзаттың бір бөлігі азап шегіп, әлі күнге азапты ғұмыр кешіп отырғанын айтады. Ачебе осы кітаптың кесірінен қара нәсілді адамдардың «адами табиғаты» күмәнға қалғанын деп басып айтады. Оның ойынша, биік өнер немесе тіпті, жай ғана өнер туындысы мұндай теріс ықпал тудырмауы керек.

Конрад Конгоға 1890 жылы сапар шегіп, көрген-білгенін қағазға түсіреді. Бұл кезде Ачебенің әкесі әлі кішкентай сәби болатын. Ачебе 1975 жылы, яғни жазушының өлімінен кейін арада 50 жыл өткен соң Конрадтың көргендерін жоққа шығарғаным дұрыс па деп тұжырымдайды. Артынша, өз сөзіне өзі жауап береді: «Саналы адам ретінде мен саяхатшының көрген-білгендерін шындық деп қабылдамаймын. Себебі өзім де саяхат барысында талай қателіктер жіберіп отыратынмын. Оның есесіне, Конрад секілді адамның дәлелдеріне сенбеймін. Өйткені биограф Бернард Майердің сөзіне сүйенсек, Конрад «өзінің оқиғаларын жазғанда ешқашан нақты сөйлемеген» екен.

Тағы бір маңызды мәселе, Ачебе көрсеткендей, Конрадтың жабайылар туралы жалпылама куәлігіне ерекше назар аудару керек. Конрадтың жабайылары – қатыгез орманмен үйлесіп алып, қайдан шыққаны белгісіз, Марлоудың көңілсіз тобының артынан ергеннен басқа, ешқандай тірлігі не міндеті айқын емес жаратылыстар.

Көп ұзамай Конрад өз кітабын жазғаннан кейін, Еуропаның өнер әлемінде маңызды тарихи оқиға орын алған. Ачебе британ тарихшысы Франк Уиллеттің сөздерін келтіреді: «Гоген Таитиге келеді. Таити – еуропалық емес мәдениет орын алған шытырман арал... Бұл – еуропалық суреткерлер жаңаша көркемдік әсерлерге зәру болып отырған кезең болатын... 1904–1905 жылдар арасында африкандық өнер еуропалық суреткерлерге айтарлықтай әсер етті... Соның бірі – Морис Вламинкке 1905 жылы сыйға тартылған бетперде. Ол Дереннің сол бетпердені алғаш көріп, Вламинкадан сатып алып, алғашында Пикассо мен Матисске көрсетіп, олардың қызығушылығын байқағандағы «үнсіздігін» және «таңданысын» сипаттап жазады. Амбруз Воллар содан кейін әлгі бетпердені жалға алып, қоладан ұқсас көшірмесін жасатып алады... Өнер революциясы ХХ ғасырда қарқынды жүзеге асып отырған!».

Сөз болып отырған бетпердені Конго өзенінің солтүстігінде өмір сүрген жабайылар жасаған. Бұл халықты «фангтер» деп атаған, сөзсіз, олар – мүсін өнерінің хас шеберлері болған. Франк Уиллет сипаттаған оқиға кубизмнің қалыптаса бастағанын білдіріп, ескірген еуропалық өнерге жаңаша рух берген.

Бұл Конрадтың Конго халқы туралы сипаттамасы жеткілікті деңгейде болмағанын тағы да бір дәлелдейді. Шектеулі (саны ма, санасы ма, түсініксіз) саяхатшылар бізге барлығын ашып жеткізе қоймайды, негізінен тек өзі туралы ғана айта алады: тіпті бейтаныс адамдар алдында үрейленбейтін саяхатшылар да, мәселен Конрад, белгілі бір деңгейде «соқыр» болуы әбден мүмкін.

Ачебе тұжырымдау тақырыбынан кішкене шегініп, тағы да бір мысал келтіреді. Тарихтағы ең батыл әрі ұлы саяхатшылардың бірі – Марко Поло болып табылады. ХІІІ ғасырда алғашқылардың бірі болып Жерорта теңізінен Қиыр шығысқа сапар шегіп, 20 жыл бойы Қытайдағы Хубилай ханның сарайында тұрақтап қалады. Венецияға оралған соң өзінің аты шулы «Әлемнің сипаттамасы» еңбегін жазып, көзімен көрген халықтары, қызықты жерлер мен салт-дәстүрлері туралы сипаттама береді. Ачебе Полоның маңызды 2 жайтты қалт жіберіп алғанын айтады. Біріншісі – саяхатшы Қытай жерінде сол дәуірлерде Еуропада соншалықты таныла қоймаған кітап баспасы болғанын, оны белсенді пайдаланғанын ескермеген. Поло бұл туралы мүлдем білмеген, немесе Қытайдағы кітап баспасы Еуропа үшін қаншалықты пайдалы деген мәселені жақсы түсіне алмаған. Қандай себеп болса да, Еуропаға Гутенбергке дейін тағы да 100 жыл күту керек болды. Екіншісі – Поло ұзындығы 400 миль құрайтын және саяхатшы келгенге дейін 1000 жыл бұрын салынған Ұлы Қытай қорғаны туралы бірде-бір мәлімет келтірмейді. Мүмкін, саяхатшы қорғанды көрмеген шығар?! Бірақ Ұлы Қытай қорғаны – адам баласының қолымен тұрғызылған жалғыз ескерткіш, оны тіпті, Айдан да көруге болады деп бағалайды Ачебе. «Шындығында, саяхатшылар «соқыр» болып келетіні рас-ау», – деп қорытады Ачебе.



Ақын құл саудасымен айналыспайды

Сөйтіп, Ачебенің пікірінше, Конрад Африканың шынайы бейнесін сипаттап бере алмаған. Біз автордың кітабынан қаншалықты іздесек те, шындықты таба алмаспыз. Батысты психологиялық зерттеуді қажет еткен себептердің бірі – Батыс өз өркениеттілігінің тұрақтылығына күмәнмен қарағандықтан, өзін Африкамен жиі салыстыратыны. Салыстыру арқылы Африканың жабайылығын тілге тиек етіп: «Тәңірдің арқасында мен дамып келемін!» – деп мақтануы.

Ачебе мынадай қызықты метафораны қолданады: Африка – Грейдің физикалық және рухани ұсқынсыздығы суреттелген Дориан Грей картинасы секілді, Еуропаға қарсы қойылады. Демек, Африкадан абай болу керек. Африканың бейнесі – адам баласының бірбүтіндігін қорғау үшін құпия болып қалуы тиіс.

Осы тақырыпты сөз ете отырып, Ачебе алғашында өз ойын оптимистік сарында аяқтауды жоспарлаған. Ол, африкалық мәдениет – Батыс әлемі ұрлап алған құндылық іспеттес. Еуропа санасын ескіліктен тазартқан кезде, Африкаға арзан мистификация сүзгісі арқылы емес, қарапайым, көбінесе дарынды әрі қоғам мен өмірінде айтарлықтай жетістікке қол жеткізген адамдар өмір сүретін континент ретінде қарайтын болады.

Алайда, Ачебе Африканың стереотипті бейнесі туралы терең ойланған сайын, Африкаға миссионерлерді көмекке жіберуге қажет еткен құрғақ әңгімелер мен ертегілер, телебағдарламалар, кино, шіркеу, мектеп және мектептен тыс уақытта оқылған кітап және газет мақалалары туралы жиірек ойланатын болды. Бұл жағдайда ол ешқандай да оптимизм тумасы анық екенін түсінеді. Бейнелі сипаттасақ, Африка туралы пікірді жақсы жаққа қарай өзгерту үшін Батысқа пара берудің өзі орынсыз екенін айтады зерттеуші. Қорытындылай келгенде, Африка туралы ескі пікірлерден арылудың өзі – жалғыз әрі құнды сыйақы болар еді.

Джозеф Конрадтың «Түнектің жүрегі» повесін сипаттау формасында үлгі ретінде оқытып келгенді. Алайда Ачебеге дейін ешкім бұл туындыға нәсілшілдіктің шоғын үрлейтін шығарма деп қарамаған болатын. Отаршыл билік тұсында өмір сүріп, жергілікті африкалықтарға империялық биліктің айуандық қарым-қатынасын көріп өскен нигериялық суреткер Чинуа Ачебе болса, Джозеф Конрад шығармасының шынайы бет-бейнесін ашып берді. Сол арқылы, шығарма авторының да әдеби контекстегі салмағының мысқалдай ғана екенін оқырманға жайып салды.

Ел мен елді елдестіру емес, жауластыратын туындылар жазатын Конрад секілді жазармандардың шығармаларын сынға алып, шынайы бағасын беретін уақыт жетті, – деп есептейді Ачебе. Евтушенко: «... ақын құл саудасымен айналыспайды», – деп жазып, оның жарқын мысалы ретінде Артюр Рембоны келтіреді. Ачебенің пайымдауынша, биік поэзия – адамды құл етумен емес, керісінше, азат етумен айналысуы тиіс: поэзия бауырластықты және адамзаттың бірлігін насихаттауы керек.

Түйіндей айтар болсақ, сонау 1947 жылы жарық көрген Чинуа Ачебенің бұл зерттеу эссесі отаршылдық сананың әдебиеттегі орнын қолмен қойғандай етіп дәлелдеп берді. Дәйек пен тұжырымнан тұратын зерттеудің соңын автор «дәл қазір өзгерістер ендіретін кез келді» деген батыл сеніммен қорытады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Ачебенің Конрадтың нәсілшілдігі туралы пікіріндегі басты тұжырым қандай?
2. Ачебенің «Түнектің жүрегі» повесі секілді туындылар білім беру жүйесіне енбеу керек деген пікірімен келісесіз бе?

Әдебиеттер

1. Джозеф Конрад. Сердце тьмы. – СПб.: Азбука-Классика, 1999.
2. Achebe Chinua. An Image of Africa. – The Chancellor's Lecture Series, 1974-5. – The Massachusetts Review, 1976. – P. 782-794.



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология III

Дәріс: 18. Африка бейнесі: Конрадтың «Түнектің жүрегі» повесіндегі нәсілшілдік тақырыбы

3. Guerard J. Albert. Introduction to Heart of Darkness. – New York: New American Library, 1950. – P. 9.
4. Raskin Jonah. The Mythology of Imperialism. – New York: Random House, 1971. – P. 143.
5. Willett Frank. African Art. – New York: Praeger, 1971.